

"Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 шілдеде № 34861 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27595 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

корғау министрі

2024 жылғы 31 шілдедегі

№ 288 бұйрығына

қосымша/

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік корғау министрінің

2022 жылғы 15 сәуірдегі

№ 123 бұйрығына

1-қосымша

Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидалары

1-тапау. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, "Халықтың көші-коны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-2-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбекші көшіп келушілер – еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсаттың негізінде жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) мақсатында Қазақстан Республикасына үй қызметкери ретінде келген көшіп келушілер;

2) еңбекші көшіп келушіге рұқсат – жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) үшін еңбекші көшіп келушіге берілетін, белгіленген нысандағы құжат;

3) жұмыс берушіжеке тұлға – үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) үшін еңбекші көшіп келушіні тартатын тұлға;

4) шетелдік жұмыс құшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушіге жеке тұлғаға тартуға рұқсат етілген шетелдік жұмыс құшінің рұқсат етілетін шекті саны.

3. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, Бірыңғай байланыс орталығына және Мемлекеттік корпорацияға электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жібереді.

2-тарау. Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және көрі қайтарып алу тәртібі

4. "Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және көрі қайтарып алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін еңбекші көшіп келуші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жұмыс беруші жеке тұлғамен бірлесіп, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру/ұзарту туралы өтінішті не "электрондық үкіметтің" веб-порталы (egov.kz) немесе migration.enbek.kz арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын талаптар) тізбесіне сәйкес құжаттарды береді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкери құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді, "Халыққа қызмет көрсету орталықтары" интеграцияланған ақпараттық

жүйесінде (бұдан әрі – "ХҚКО" ИАЖ) электрондық өтінімді ресімдейді және тиісті шешім қабылдау үшін "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ШЖК ААЖ) жібереді.

6. Көрсетілетін қызмет беруші еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру немесе ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде аумақтық ішкі істер органдарымен келіседі.

7. Рұқсатты беру немесе ұзарту не беруден немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар өтініш берілген күнді есептемегендеге 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

8. Көрсетілетін қызмет алушы өтінішті www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе migration.enbek.kz арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрінеді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы паспорттық деректерді көрсетіп және біліктілігі, дағдылары мен жұмыс өтілі туралы мәліметтерді толтырып, тіркеуді migration.enbek.kz-да жүзеге асырады.

10. Жұмыс берушілер шетелде жүрген, migration.enbek.kz есептік жазбасы бар еңбекші көшіп келушілерді іздестіруді бос жұмыс орындары enbek.kz-да жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күн өткен соң ғана жүзеге асырады.

11. [Migration.enbek.kz](http://migration.enbek.kz) арқылы рұқсат беру көрсетілетін қызметті алушы жұмыс берушімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісімге (бұдан әрі – ниет туралы келісім) қол қойған кезде және көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасына келгеннен кейін жүзеге асырылады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы ниет туралы келісімге қол қойған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде migration.enbek.kz арқылы рұқсат алады, осы кезеңде көрсетілетін қызметті алушы үшін квота сақталады.

13. [Migration.enbek.kz](http://migration.enbek.kz) арқылы рұқсат алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінде көзделген өтініш пен құжаттарды жібереді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

15. Көрсетілетін қызмет беруші "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы құжаттар келіп түскен күні:

- 1) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарда көзделген құжаттардың;
- 2) Мемлекеттік корпорациядан алынған паспорт деректері мен мәліметтері бар өтініш мазмұнының;

3) шетелдік азаматтығының "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шарттарға;

4) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-2-бабының 5-тармағында көзделген шарттарға;

5) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 360-бабының 2-тармағына немесе 658-бабының 5-тармағына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем сомасының сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асырады.

16. "ХҚҚО" ИАЖ-дан "ШЖК" ААЖ-ға келіп түскен құжаттар автоматты түрде "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "КҚП АЖ") қарауға жіберіледі. Аумақтық ішкі істер органдары келіп түскен құжаттарды 1 (бір) жұмыс күні ішінде қарайды.

17. Құжаттарды толық көлемде ұсынбаған және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарда көзделген қолданылу мерзімі аяқталған құжаттарды ұсынған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша рұқсатты беруге немесе ұзартуға құжаттарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды "ХҚҚО" ААЖ-ға жібереді.

18. Өтінішті қарау оң нәтиже берген кезде еңбекші көшіп келушіге рұқсатты беру немесе ұзарту осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші қай жүйе арқылы жіберілгеніне байланысты "ШЖК" ААЖ-дан "ХҚҚО" ААЖ-ға немесе көрсетілетін қызметті алушының "электрондық үкімет" порталындағы жеке кабинетіне жіберу арқылы не migration.enbek.kz порталында жүзеге асырылады.

19. Рұқсат көрсетілетін қызметті алушының рұқсатты беруге немесе ұзартуға арналған өтінішінде көрсетілген мерзімге беріледі және 1 (бір) айдан 12 (он екі) айға дейін болуы мүмкін. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзартуды ескере отырып, ең ұзақ мерзім 12 (он екі) айдан аспайды.

20. Көрсетілетін қызметті беруші халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде рұқсат береді.

21. Рұқсатты ұзарту кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұрын берілген қолданыстағы рұқсаттардың саны бір квота есебіне кіреді.

22. Көрсетілетін қызмет беруші берген рұқсат үшінші тұлғаларға берілмейді, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындаған қолданылады.

23. Көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат көрсетілетін қызметті алушы еңбек қызметін жүзеге асыруға ниет білдірген жұмыс берушінің меншік құқығындағы жылжымайтын мулік мекенжайы сәйкес келген кезде беріледі.

24. Ұзартуға өтініш күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес және еңбекші көшіп келушіге қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмей беріледі.

25. Өтініш қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктіріліп берілсе рұқсат ұзартылмайды.

26. 12 (он екі) ай мерзімге рұқсат алған не ұзартуларды ескере отырып, рұқсаты 12 (он екі) айға жеткен көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 4 (төрт) күн ішінде жаңа рұқсатқа өтініш береді.

Рұқсат алуға арналған құжаттар көрсетілген осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен беріледі.

27. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация берген рұқсатты бұлдірген немесе жоғалтқан жағдайда Мемлекеттік корпорация рұқсаттың көшірмесін ол жүгінген күні береді.

28. Үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) аяқталған жағдайда жұмыс беруші еңбек шарты бұзылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға "электрондық үкімет" веб-порталы не migration.enbek.kz порталы арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша еңбекші көшіп келушімен еңбек шартын бұзу туралы хабарламаны жібереді.

29. Рұқсат алған еңбекші көшіп келушіні тартатын жұмыс беруші еңбек шартын жасасу және тоқтату туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасында көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірынғай жүйесіне енгізеді не "hr.enbek.kz" веб-порталында еңбек шартын жасасады.

30. Көрсетілетін қызметті беруші жұмыс беруші мен еңбекші көшіп келушілер арасындағы еңбек шарттарын "ШЖК" ААЖ жүйесінде тіркеуді жүзеге асырады.

31. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарда көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

3-тaraу. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

32. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қарауды шағымды қарайтын жоғары тұрған әкімшілік орган (лауазымды адам) жүргізеді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік орган (лауазымды адам) шағым келіп түсken күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік орган (лауазымды адам), егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

33. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

34. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі жергілікті атқарушы органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

35. Мемлекеттік корпорация арқылы қызметтер көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

4-тaraу. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты кері қайтарып алу тәртібі

36. Көрсетілетін қызметті беруші жұмыс берушілерде үй шаруашылығында үй жұмыскерлері ретінде жұмыстарды орындаумен (қызметтер көрсетумен) байланысты емес енбек қызметін жүзеге асырған жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек және көші-қон заңнамасының сакталуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілдеп мемлекеттік органдардың актілері негізінде қолданыстағы рұқсатты кері қайтарып алады жүргізеді.

37. Кері қайтарып алады көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "электрондық үкімет" веб-порталының жеке кабинетіне немесе migration.enbek.kz порталына, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты қайтарып алу туралы хабарламаны жібере отырып "ШЖК" ААЖ арқылы жүргізеді.

38. "ХҚКО" ИАЖ-ға рұқсатты кері қайтарып алу туралы ақпарат "ХҚКО" ИАЖ арқылы берілген рұқсатты кері қайтарып алу кезінде жіберіледі.

39. Көрсетілетін қызметті беруші рұқсатты кері қайтарып алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері қайтарып алу туралы ақпаратты "ШЖК" ААЖ арқылы "КҚП" АЖ, "ХҚКО" АЖ-ға аумақтық ішкі істер органдарына жібереді.

40. Аумақтық ішкі істер органдары хабарлама келіп түскен күні кері қайтарып алу негіздерін көрсете отырып, "КҚП" АЖ-ға ақпарат енгізеді және еңбекші көшіп келушінің Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімін күнтізбелік 15 (он бес) күнге дейін қысқартады.

кайтарып алу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

кайда

(жергілікті аткаруышы

органның атауы)

азамат (кай елден

екенін көрсетініз)

кімнен _____

еңбекші көшіп келушінің

тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

ЖСН _____

Туган күні _____

Туган жері _____

Жеке басты қуәландыратын
құжаттың сериясы және № _____

кімнен _____

жұмыс беруші жеке тұлғаның

тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

ЖСН _____

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру/ұзарту туралы өтініш

Сізден _____

(облыс/республикалық маңызы бар қала, көше, үй, пәтер)

мекенжай бойынша жұмыс беруші жеке тұлғаның (бұдан әрі – жұмыс беруші) үй шаруашылығында үй жұмыскері ретінде жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету)
үшін _____ айға (айларға) еңбекші көшіп келушіге рұқсат беруді/ұзартуды (қажет емесін сзызып тастау) сұраймын.

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1. Тұрғылықты тұратын жеріm _____

(азаматтығы, тұрақты тұратын жері бойынша толық мекенжай, ел, облыс, қала, аудан, кент, көше, үй, телефон, оның ішінде ұялы телефон нөмірі көрсетіледі)

2. Отбасы құрамы _____

(отбасылық жағдайы, жұбайының анықтама деректері/және (тегі, аты және әкесінің аты

(бар болса), тұган жылы, балалар саны, үй телефон нөмірі көрсетіледі)

3. Қазақстан Республикасында уақытша тұратын мекенжайы _____

(қала, аудан, көше, үй, пәтер, телефон, оның ішінде ұялы телефон нөмірі)

Қазақстан Республикасының көші-қон және салық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық туралы хабардармын.

"Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеге келісім беремін.

20__ ж. "___"

Т.А.Ә. (бар болса) қолы

Мен _____

жұмыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

туған жылы, ЖСН

(шетелдіктің Т.А.Ә. (бар болса), азаматтығы)

оларға тиісті рұқсат алғаннан кейін үй шаруашылығына еңбекші көшіп келуші ретінде тартуға ниеттенудемін.

2. Тұрақты тұрғылықты мекенжайы _____

(қала, аудан, көше, үй, пәтер, телефон, оның ішінде ұялы телефон нөмірі).

3. Еңбекші көшіп келушінің тұрғылықты жері мен жұмысы, сондай-ақ жұмыс беруші

қабылдауды жоспарлап отырған кәсіп

Шетелдіктерді www.eqonaq.kz веб-сайты және визалық-көші-қон порталынің (www.vmp.gov.kz) көмегімен "e-Qonag" ақпараттық жүйесі арқылы хабардар етуге міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының көші-қон және салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар.

"Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеге келісім беремін.

20__ ж. "___"

жұмыс берушінің Т.А.Ә. (бар болса) қолы

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат
беру, ұзарту және кері
кайтарып алу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

"Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқаруышы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) және www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы немесе www.migration.enbek.kz арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорацияға қажетті құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – өтініш түскен күнді есептемегендеге 2 (екі) жұмыс күні Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жынырма) минут; портал арқылы жүгінген кезде – 30 (отыз) минут. Қажетті құжаттар топтамасын портал арқылы тапсырған күннен бастап өтініш түскен күнді есептемегендеге 2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және негіздер бойынша еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. www.egov.kz немесе www.migration.enbek.kz порталдарында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі. Мемлекеттік қызмет

		нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде жұмыс берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Еңбекші көшіп келушіге мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін (жұмыс беруші-жеке тұлға (бұдан әрі – жұмыс беруші) жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде заңнамаға (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)</p> <p>Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.</p> <p>Портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке</p>

	<p>кундерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін тұскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында – www.gov4c.kz; 2) Порталда – www.egov.kz; 3) www.migration.enbek.kz.
	<p>Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ресімдеу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Рұқсат алу кезінде: Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрган жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: 1) шетелдік пен жұмыс беруші қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру туралы өтініш (өтініштің көшірмесі беріледі); 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы тұбіртек (сканерленгеннен кейін қабылдау күні мен Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы көрсетілген тұбіртектің қабылданғаны туралы белгілеп, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады); 3) соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлкүжат (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады); 4) шетелдіктің, азаматтығы жок адамның, көшіп-конушының, еңбекші көшіп-конушының (оның ішінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттен) денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (берілген күні 12 айдан аспайтын 028/Е нысанындағы медициналық анықтама) (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);

- 5) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда алашқы медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "Бірыңғай сақтандыру дереккөры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);
- 6) жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісім (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);
- Рұқсат беруге www.gov.kz порталы немесе www.migration.enbek.kz арқылы жүгінген кезде:
- 1) еңбекші көшіп келуші мен жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру туралы өтініш;
 - 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс сальғы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмелері;
 - 3) соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлкүжаттың электрондық көшірмесі;
 - 4) шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның, көшіп-конушының, еңбекші-көшіп-конушының (оның ішінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттен) денсаулық жағдайы туралы медициналық корытындының электрондық

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

- көшірмесі (берілген күні 12 айдан аспайтын 028/Е нысанындағы медициналық анықтама);
- 5) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда а л ғ а ш қ ы медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "бірыңғай сактандыру деректер базасы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сактандырудың электрондық көшірмесі;
- 6) жұмыс беруші – жеке тұлға мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісімнің электрондық көшірмесі;
2. Рұқсатты ұзарту үшін:
- Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:
- 1) жұмыс беруші мен шетелдік қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзарту туралы өтініш;
 - 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртек (сканерленгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады);
 - 3) соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлкүжат (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);
 - 4) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда а л ғ а ш қ ы медициналық-санитариялық

көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "Бірыңғай сақтандыру дерекқоры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);

5) жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шарты (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);

Рұқсат беруге www.gov.kz порталы немесе www.migration.enbek.kz арқылы жүгінген кезде:

1) еңбекші көшіп келуші мен жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған еңбекші көшіп келушіге рұқсат ұзарту туралы өтініш;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмелері;

3) соңы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлкүжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда а л ф а ш қ ы

медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "Бірыңғай сақтандыру дерекқоры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген

	<p>медициналық сактандырудың электрондық көшірмесі;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартының электрондық көшірмесі .</p>
9	<p>Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту кезінде:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27595 болып тіркелді) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілдітті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс корытындысы;</p> <p>4) шетелдік азаматтығының "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шарттарға сәйкес келмеуі;</p> <p>5) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>

	<p>43-2-бабының 5-тармағында көзделген шарттарға сәйкес келмеуі;</p> <p>6) жеке табыс салығы бойынша төлем болу аumaғына сәйкес келмейтін мемлекеттік кірістер органдарына төленген;</p> <p>7) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 360-бабының 2-тармағында немесе 658-бабының 5-тармағында көзделген жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем сомасының сәйкес келмеуі;</p> <p>8) көрсетілетін қызметті алушыға катысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алууды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың заңды күшіне енген шешімінің (укімінің) болуы;</p> <p>9) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
10	<p>Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы немесе порталдағы "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен барысы туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) физикалық мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, гимараттарға кіреберістер пандустармен жабдықталған, күтүге арналған кресслолар бар;</p> <p>3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама</p>

қызметтерінің байланыс телефондары 1414, 8-800-080-7777

4) көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде, оның мемлекеттік көрсетілетін қызметті www.egov.kz немесе www.migration.enbek.kz порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасында жұмыс беруші-жеке тұлғамен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісім

20__ жылғы "___" ____

Бұдан әрі "1-тарап" деп аталатын жұмыс беруші (жеке тұлға)

(Т.А.Ә.)

(жеке басын күеландыратын құжат № ____ 20__ жылғы "___" ____ , берген)

бір тараптан және бұдан әрі "2-тарап" деп аталатын жұмыскер _____

_____,

(Т.А.Ә.)

(паспорт сериясы ____ 20__ жылғы "___" ____ , _____ берген) екінші тараптан, 2-тарап Қазақстан Республикасына кірген кезде мынадай талаптарды көздейтін еңбек шартын жасасу туралы ниетке қол қоюға келісті:

1. 1-тарап пен 2-тарап орындалатын жұмыстардың көлемі, жұмыстарды орындау мерзімдері және үй шаруашылығында орындалатын басқа да шарттар туралы уағдаласты.

2. 2-тарап 1-тараптың үй шаруашылығына _____ ретінде

(кәсіптің атауы)

қабылданады;

3. 1-тарап осы Келісімде және еңбек шартында көзделген жалақыны _____ теңге сомасында толық көлемде төлеуді жүзеге асырады;

4. Тараптардың ҚР еңбек және көші-қон заңнамасын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі техникасы қағидаларын және т. б. сақтауы;

5. 2-Тараптың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көшіп келушілердің келуі мен болуы жөніндегі талаптарды сақтауы;

6. 1-тараптың ішкі істер органдарын 3 (үш) жұмыс күні ішінде еңбекші көшіп келушілердің келгені туралы хабарлауы;

7. 1-тараптың 2 (екі) жұмыс күні ішінде еңбекші көшіп келушіге рұқсат берген органға 2-тараппен еңбек қатынастарын тоқтату туралы хабарлауы;

8. 1-тарап жұмыскердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖСН, ЭЦК алуына 2-тарапқа жәрдемдеседі;

9. 2-тарап рұқсат алғаннан кейін Тараптардың еңбек шартын жасасуы;

10. 1-тараптың Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасында көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шартын тіркеуі не еңбек шартын "hr.enbek.kz" веб-порталында жасасу.

Ескертпе: Осы Келісім шетелдіктің Қазақстан Республикасына келуіне негіз болып табылмайды.

Тараптардың деректемелері және басқа да мәліметтер:

1-тарап

(Т.А.Ә.)
ЖСН _____
Тіркеу мекенжайы _____
Телефон: _____
Қолы _____

2-тарап

(Т.А.Ә.)
ЖСН (бар болса) _____
Тіркеу мекенжайы _____
Телефон: _____
Қолы _____

Еңбекші көшіп келушіге
рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, сіз мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыныңға байланысты Сізге "Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартылады, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы қызметкерінің Т.А.Ә. (бар болса)

(қолы)

Қабылдады: _____

көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса), қолы

20__ жылғы "___" _____

Еңбекші көшіп келушіге
рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**Жұмыс беруші жеке тұлғаларда еңбек қызметін жүзеге асыруға ЕҢБЕКШІ КӨШІП
КЕЛУШІГЕ РҰҚСАТ № <Рұқсат номірі >**

(ұзартылатын рұқсат номірі: № _____)

Т.А.Ә.: <тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) латын әліпбіндегі > төлкүжат №: <
төлкүжаттың сериясы және номірі > азаматтығы: < азаматтығы > ЖСН: < ЖСН номірі
>

**ЖҰМЫС БЕРУШІ-ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДА ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТИН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ бастап <басталу күні> дейін <аяқталу күні>**

Онір (облыс/республикалық маңызы бар қала, астана _____)

Еңбекші көшіп келушінің ұлттық төлкүжатын көрсеткен кезде жарамды
Рұқсат берген уәкілдегі органның атауы: _____

Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса)

Рұқсат берілген күні: КК/АА/ЖЖЖЖ

Назар аударының!

1. Бұл құжат еңбекші көшіп келушіге Қазақстан Республикасында УАҚЫТША ТҰРУҒА НЕГІЗ БОЛМАЙДЫ.

Уакытша тұруға рұқсатты (бұдан – УТР) ресімдеу үшін қабылдаушы Тарап (жұмыс беруші-жеке тұлға) көші-қон қызметі бөліміне не Мемлекеттік корпорацияға жүгінуге немесе электрондық үкімет «e.gov.kz» немесе www.migration.enbek.kz порталында өтінім береді.

УТР уақтылы ресімделмеген жағдайда, еңбекші көшіп келуші «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 517-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылықта тартылуға жатады.

2. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзарту үшін осы рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын және кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға немесе «e.gov.kz» электрондық үкімет не www.migration.enbek.kz порталы арқылы өтінішпен жүгіну қажет.

QR-код

Еңбекші көшіп келушіге
рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
6-қосымша

Нысан

қайда _____

(жергілікті атқарушы
органның атауы)

кімнен _____

тегі, аты, экесінің аты
(бар болса)

Еңбекші көшіп келушімен еңбек шартын бұзу туралы ХАБАРЛАМА

Мен _____

Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН

20 ____ жылғы "___" ____ № ____ рұқсаттың негізінде жұмыс істеген
еңбекші көшіп келуші _____

Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН

20 ____ жылғы "___" ____ бастап еңбек шарты тоқтатылғаны туралы
хабарлаймын.

_____ (жұмыс беруші жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) қолы

20 ____ жылғы "___" ____.

Еңбекші көшіп келушіге

рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

**"Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу" мемлекеттік
қызметін көрсетуден БАС ТАРТУ**

Т.А.Ә: <тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) латын әліпбиінде> төлкүжат №: <
төлкүжат сериясы және нөмірі> азаматтық: < азаматтық>


**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДА ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТИН ЖУЗЕГЕ
АСЫРУҒА РҰҚСАТ БЕРУДЕН БАС ТАРТЫЛДЫ ("Мемлекеттік қызметтер туралы" ҚР
Занының 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес)**

<Негіз> _____

<мемлекеттік қызметтен бас тартудың толық сипаттамасы> _____

Рұқсат берген уәкілетті органның атауы: _____

Күні: <берілген күні>



QR-код

Еңбекші көшіп келушіге
рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Кімге _____

еңбекші көшіп келушінің тегі,
аты, әкесінің аты (бар болса)
қайдан _____
(ауданның, облыстық маңызы
бар қалалардың жергілікті
атқарушы органдарының атауы)

Еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 бүйрүғымен берілген Еңбекші көшіп келушіге
руқсат

беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27595 болып тіркелді) 36 және 37-тармақтарына сәйкес 20 __ жылғы " __ " берілген рұқсатты

(аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының атауы)

қайтарып алды.

Жұмыс беруші-жеке тұлғаның үй шаруашылығындағы жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) қатысы жоқ еңбек қызметін жүзеге асыруының байланысты рұқсатты кері қайтарып алу негізінде Сізге Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімі 20 __ жылғы " __ " дейін қысқартылды.

Осыған байланысты, көші-қон заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін Сізге жоғарыда көрсетілген күннен кешіктірмей шығу керек.

(жергілікті атқарушы орган
басшысы лауазымының атауы)

(Т.А.Ә. (бар болса)

Еңбекші көшіп келушіге
рұқсат беру, ұзарту және кері
қайтарып алу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

қайда _____

(облыстың аумақтық ішкі істер
органының атауы)

қайдан _____
(аудандардың, облыстық
маңызы бар қалалардың
жергілікті атқарушы
органдарының атауы)

Еңбекші көшіп келушіге берілген қайтарып алынған рұқсат туралы АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 бүйрекшімен берілген Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27595 болып тіркелді) (бұдан әрі – Қағидалар) 39-тармағына сәйкес Қағидалардың 36-тармағына сәйкес

(аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының атауы) рұқсатты көрі қайтарып алуы негізінде (жұмыс беруші жеке тұлға (тұлғалардың) үй шаруашылығындағы жұмыстарға (қызмет көрсетуге) қатысы жоқ еңбек қызметін жүзеге асыруға байланысты) еңбекші көшіп келуші (келушілер):

___ (еңбек көшіп келушінің (келушілердің) деректері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

төлкүжаттың деректері (нөмірі, берілген күні), рұқсат нөмірі, рұқсат берілген күні, рұқсаттың қолданылуы аяқталу мерзімі) ЖСН)
берілген рұқсат (рұқсаттар) қайтарып алынды.

жергілікті атқарушы орган

қолы

_____(ТАӘ (бар болса)

басшысының лауазымының атауы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК